**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі**
**Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының**
**ХАТТАМАСЫ**

**Астана қаласы** — **11.03.2015 ж.**
**Янушкевич көшесі, 2** — **сағ.: 16:40**

**Тендерлік комиссия құрамы:** А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы;

**комиссия мүшелері:** С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; Д.А. Нұрқанов –ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы; Ә.А. Төребекова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасы сарапшысының м.а., тендерлік комиссиясының хатшысы.

*(Қатыспағандар: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы; іссапарда, 2015 жылғы 3 наурыздағы № 4-к бұйрық; М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру бөлімшесінің бас сарапшысы, іссапарда, 2015 жылғы 17 ақпандағы № 4-к бұйрық).*

**Күн тәртібі:**

1. № 1, 7, 9, 11, 12, 16, 49 лоттар бойынша Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне өзгерістер енгізу;

Күн тәртібі мәселелерін қарау мен талқылау нәтижесінде, сонымен қатар 2015 жылғы 5 наурыздағы № 40-03/45 қызметтік жазба негізінде, тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне өзгертулер енгізілсін.
2. Бұл ретте бұл Хаттама (www.kgmr.gov.kz) сайтқа орналастырылғаннан бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін № 7, 9, 11, 12 лоттар бойынша үміткерлердің өтінім беруіне болады.

Осы шешімге:
тендерлік комиссияның 3 мүшесі - «қолдаймын»;
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»
деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысында видео жазбалары жүргізілді (қосымшамен ұсынылады).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 11 наурыздағы сағ. 16:45 бітті деп есептелсін.

Қосымша: 42 бетте.

**Комиссия төрағасы:**

Сәду А.Ә. ____________

**Комиссия төрағасының орынбасары:**

Сабырбаева С.К. ____________

**Комиссия мүшелері:**

Нұрқанов Д.А. ____________

**Комиссия хатшысы:**

Төребекова Ә.А. ____________